

"Пациенттер мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеу аспаптарын, фото-, бейне аппаратураларды қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-335/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 61 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 сәуірде № 32266 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Пациенттер мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеу аспаптарын, фото-, бейне аппаратураларды қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-335/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22006 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 34) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрыққа қосымшамен бекітілген Пациенттер мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураны қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы пациенттер мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураны қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 34) тармақшасына сәйкес әзірленді және оларды қолдану тәртібін анықтайды."

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Пациенттің немесе оның заңды өкілінің фотосуретке немесе бейнеге жазбаша немесе электрондық ақпараттандырылған келісімін алған жағдайда биологиялық

материалды алу және қабылдау пунктiнiң қан алу кабинетiнде ТҚ-ны қолдануға және оның бейнелерiн кейiннен пайдалануға жол берiледi.

Медициналық қызметкер мен медициналық ұйым арасында еңбек шартын жасасу кезiнде медициналық қызметкердiң фотосуретке немесе бейнежазбаға немесе электрондық түрде хабардар етiлген келiсiмi осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес орналасқан жерлерiнде ТҚ қолданған кезде оның бейнелерiн жазу және кейiннен пайдалану ресiмделедi.

Жазбаша немесе электрондық ақпараттандырылған келiсiм еркiн нысанда ресiмделедi.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. ТҚ қолдану осы Қағидалардың 8-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың жеке гигиена үй-жайларында, ем-шара және манипуляциялық кабинеттерде, операциялық блоктарда ТҚ қолдануға рұқсат етiлмейдi."

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігiнiң Электрондық денсаулық сақтауды дамыту департаментi:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлігiнде мемлекеттік тiркеудi;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейiн оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігiнiң интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлігiнде мемлекеттік тiркегеннен кейiн он жұмыс күнi iшiнде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігiнiң Заң департаментiне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген iс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердi ұсынуды қамтамасыз етсiн.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететiн Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрiне жүктелсiн.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтізбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрi*

А. Ғиният